

## **Тауарларды сәйкестендіру құралдары арқылы таңбалау және қадағалауды енгізудің тиімділік көрсеткішін есептеу әдістемесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 165-НҚ бұйрығы

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 60) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды сәйкестендіру құралдары арқылы таңбалау және қадағалауды енгізудің тиімділік көрсеткішін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Цифрлық түрлендіру және тауарларды таңбалау департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Министр*

*А. Шакқалиев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция  
министрінің

2025 жылғы 29 мамырдағы  
№ 165-НҚ бұйрығына қосымша

## **Тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды және қадағалауды енгізу тиімділігінің көрсеткішін есептеу әдістемесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тауарларды сәйкестендіру құралдары арқылы таңбалау және қадағалауды енгізудің тиімділік көрсеткішін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістеме таңбалау және қадағалау жүйесін енгізудің тиімділігін бюджетке түсетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер көлемі тұрғысынан бағалаудың негізгі тәсілдерін айқындайды.

3. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – бюджетке салықтар мен төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) әділет органдары – өз құзыреті шеңберінде мемлекеттің құқықтық қызметін қамтамасыз ететін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың заңдылық режимін қолдайтын, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын атқарушы билік органдары;

3) ішкі істер органдары – адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы;

4) уәкілетті экономикалық оператор – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және "Кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіп пен шарттарға сай уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізілген заңды тұлға;

5) тауарларды таңбалау және қадағалау саласындағы үйлестіруші орган – тауарларды таңбалау және қадағалау мәселелері бойынша басшылықты және саларалық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) карго тасымалдаушы – шетелден тауарларды әкелуге қажетті кедендік ресімдеу мен көлік жеткізу қызметтерін қоса алғанда, қызметтер кешенін көрсететін жеке немесе заңды тұлға.

## **2. Ақпарат көздері**

4. Келесі субъектілер ақпарат көздері болып табылады:

1) уәкілетті орган – сәйкестендіру құралдары арқылы таңбалауға және қадағалауға жататын тауарлар бойынша салықтар, кедендік баждар мен алымдардың жиналуына, сондай-ақ тәркіленген контрабандалық тауарлардың құнына қатысты ақпарат;

2) әділет органдары – тәркіленген контрафактілік тауарлардың құнына қатысты ақпарат;

3) Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі – тәркіленген контрабандалық тауарлардың құнына қатысты ақпарат;

4) ішкі істер органдары – тәркіленген контрабандалық тауарлардың құнына қатысты ақпарат;

5) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросы – инфляция деңгейі туралы ақпарат.

### 3. Әкімшілік көрсеткіштердің тізбесі, оларды есептеу

| №  | Әкімшілік көрсеткіштің атауы                                                        | Өлшем бірлігі | Әкімшілік нысанның/ ақпараттық жүйенің атауы                                                                                                                                                                 |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1  | 2                                                                                   | 3             | 4                                                                                                                                                                                                            |
| 1. | Тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды және қадағалауды енгізу тиімділігі | пайыз         | Тауарларды таңбалау және қадағалау саласындағы үйлестіруші органның интернет-ресурсы ( <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/documents">https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/documents</a> ) |

### 4. "Тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды және қадағалауды енгізу тиімділігі" әкімшілік көрсеткішін есептеу алгоритмі

|    |                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Әкімшілік көрсеткішті анықтау (ұғымдық аппарат)                                                                           | Тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды және қадағалауды енгізу тиімділігі – таңбалау және қадағалау құралдарымен белгіленген тауарлар бойынша бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің түсу деңгейінің өсуі.                                          |
| 2. | Әкімшілік көрсеткіш бойынша жедел, алдын ала және есепті деректерді қалыптастырудың кезеңділігі мен мерзімдері            | Жыл сайын, есептік жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірілмей.                                                                                                                                                                                                       |
| 3. | Әкімшілік көрсеткіш бойынша ақпарат көздері және есепті деректердің ақпараттық жүйесі мен веб-сайтқа орналастыру орындары | Тауарларды таңбалау және қадағалау саласындағы үйлестіруші органның интернет-ресурсы ( <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/documents">https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/documents</a> ).                                                              |
|    |                                                                                                                           | Тауарларды таңбалау және қадағалауды енгізудің тиімділігін бағалау үшін тауардың әрбір тобы бойынша (міндетті таңбалау енгізілетін) үйлестіруші орган уәкілетті органның деректері негізінде салықтар, кедендік баждар және алымдардың ағымдағы жиналу деңгейін анықтайды. |

4.

Әкімшілік көрсеткішті есептеу алгоритмі, өлшем бірлігін көрсете отырып, детальды және нақты реттілікті көрсету

Таңбалау мен қадағалау енгізілгеннен кейін (ең төмені – 1 жыл өткен соң) есепті кезеңнің соңында уәкілетті органның деректері негізінде үйлестіруші орган салықтар мен кедендік төлемдердің жиналу өсімін мына формула бойынша есептейді:

$$M = \frac{\left( \frac{Q_{\text{есептік}} + K_{\text{есептік}}}{Q_{\text{негізгі}} + K_{\text{негізгі}}} \times 100 - (1 \right)}{\frac{T_{\text{есептік}}}{T_{\text{негізгі}}}}$$

мұндағы:

M – тауарларды сәйкестендіру құралдары арқылы таңбалау және қадағалауды енгізудің тиімділік көрсеткіші, пайызбен;

Q<sub>есептік</sub> – есепті жылы салықтар, кедендік алымдар мен баждардан түскен түсім көлемі, теңге;

Q – базалық жылы салықтар, кедендік алымдар мен баждардан түскен түсім көлемі, теңге;

T<sub>есептік</sub> – есепті жылғы салық, баж, алым мөлшерлемесі, теңге;

T – базалық жылғы салық, баж, алым мөлшерлемесі, теңге;

I – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша инфляция деңгейі;

K<sub>есептік</sub> – есепті жылы тәркіленген контрафактілік және контрабандалық тауарлардың құны, теңге;

K – базалық жылы тәркіленген контрафактілік және контрабандалық тауарлардың құны, теңге;

Базалық жыл – таңбалау мен қадағалау енгізілген жылдың алдындағы жыл;

Есепті жыл – таңбалау мен қадағалау енгізілген жыл және одан кейінгі барлық жылдар.

Есептеу үшін қажетті деректерді үйлестіруші органның жазбаша сұрауы негізінде осы Әдістеменің 4-тармағында көрсетілген субъектілер ұсынады.

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды және қадағалауды енгізу тиімділігінің көрсеткішін есептеу кезінде оның көлеңкелі экономикамен күрестегі мемлекеттік органдардың кешенді іс-қимылдарымен тікелей байланысы ескеріледі, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- таңбалау және қадағалау саласындағы талаптарды сақтау бойынша нарықтың адал емес субъектілерін тексеру жүргізу;</li> <li>- таңбалау және қадағалау саласындағы талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану;</li> <li>- мемлекеттік ақпараттық жүйелерді тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау және қадағалау жүйесімен толық және уақтылы интеграциялау;</li> <li>- уәкілетті экономикалық операторлардың, жүк тасымалдаушылардың және карго тасымалдаушылардың қызметін тиісті бақылау;</li> <li>- экономикалық конъюнктура (ЖІӨ өсуі, халықаралық саудадағы өзгерістер және т.б.);</li> <li>- Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айырбас бағамының өзгерістері.</li> </ul> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|